

2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 2479 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 желтоқсанда № 3498 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. "Ақтау қалалық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С.Тулбаева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Г.Қалмұратоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ғ.Ниязов

КЕЛІСІЛДІ:

"Ақтау қалалық білім бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

С.Д. Тулбаева

"13_" 12 2017 жыл

КЕЛІСІЛДІ:

Өмірзақ ауылының әкімі

Е.Р. Сарыев

"13" 12 2017 жыл

. Ақтау қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 2479 қаулысына қосымша

2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы топтар	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны (жеке меншік, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)					Мектепке ата-ананың бір дейінгі ұйымдағ	
	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күн болатын шағын-орталықтар	Дербес толық күн болатын шағын-орталықтар	Дербес жарты күн болатын шағын-орталықтар	Балабақша	Мектепке
1-ден 3-ке дейінгі топтар		198		1530			1241
4-тен 5-ке дейінгі топтар	374					12411	
6-дан 7-ге дейінгі топтар	440					12411	
8-ден 9-ға дейінгі топтар	275					12411	
10-нан және оданда артық топтар	11525					12411	

аев _____ улебаева _____ "Ақтау қалалық білім бөлімі" ММ
басшысы